

Қарғалы аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 28 сәуірде N 3-6-65 болыш тіркелген аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 18 сәуірдегі "Әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 61 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 29 шілдедегі N 78 шешімі. Ақтөбе облысының Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 18 тамызда N 3-6-70 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 313 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2011.09.27 № 313 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 – II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі № 548-II «Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі» Кодексінің 53 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес және күнделікті пайдаланылатын тауарларға бағалардың көтерілуіне байланысты аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы аудандық мәслихаттың «Әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 61 шешімінің (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3-6-65 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 13 мамырда «Қарғалы» газетінің № 21-22 жарияланған) 2 тармақтағы «көгілдір отынмен» деген сөздерден кейін «үйден тәрбиленетін және оқытылатын мүгедек балаларға бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай материалдық көмек көрсету үшін» деген сөздермен толықтырылсын.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2010.10.22 № 233 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

2. Мынандай мазмұнда 3 тармақпен толықтырылсын:

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 2008 жылдың 2 шілдесіндегі № 160-п бекіткен бұйрығына сәйкес, жиынтық табысы кедейшілік деңгейінен төмен болған аз қамтылған отбасыларға ай сайын облыста белгіленген үш мың теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілсін, ең кіші көрсеткіштегі және ең кіші көрсеткіштен төмен зейнетакы алатын зейнеткерлерге, сондай – ақ, I, II, III топтағы мүгедектерге және мүгедектік тобы бар бала кезінен мүгедектерге айлық есептік көрсеткіштің 1,5 мөлшерінде, аудандық білім бөлімі тарапынан ай сайынғы берілген тізімдерге сәйкес үйден тәрбиленетін

және оқытылатын мүгедек балаларға бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай материалдық көмек көрсетілсін.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланғанна кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелсін.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы хатшысы  
F. Жұзбаев*

*Аудандық мәслихаттың*

*хатшысы  
Ж. Құлманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК